

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

30 маусым 2021 жыл

Қазақстан қор биржасында "Жеке орналастыру" сауда-саттық алаңы ашылады

2021 жылдың 01 шілдесінен бастап "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE немесе Биржа) ресми тізім құрылымында, жеке орналастыруға жататын, мемлекеттік емес бағалы қағаздарға арналған жаңа "Жеке орналастыру" сауда-саттық алаңы ашылады.

Жеке орналастыру дегеніміз – білікті инвесторлардың шектеулі тобы арасында мемлекеттік емес облигацияларды мемлекеттік емес орналастыру. Мұндай бағалы қағаздарды шығару шарттары жеке меморандумда айқындалады, оны тіркегеннен кейін эмитент KASE листингі процедурасынан өте алады.

Биржаның ресми тізімінің "Жеке орналастыру" сауда-саттық алаңына рұқсат етілетін бағалы қағаздарды листинг және орналастыру ерекшеліктері мыналар болып табылады:

- бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне қойылатын минималды листингілік талаптар, ағалы қағаздар шығарылымын тіркеу және оны Биржа тізіміне енгізу үшін қысқартылған құжаттар пакеті;
- қаржылық кеңесшінің болуы міндетті емес;
- листингілік процедураны жүзеге асыру мерзімі өтініш қарауға қабылданған күннен бастап жеті жұмыс күніне дейін қысқартылды;
- осы сауда-саттық алаңы шеңберінде бағалы қағаздарды енгізу кезінде листингілік алымдар қысқартылды;
- орналастыру KASE сауда-саттық жүйесінде тек білікті инвесторлар арасында жазылу әдісімен жүргізілетін болады, бұл ретте инвесторлардың максималды саны 50-ден аспауы тиіс, әрбір өтінімнің минималды лоты 100 000 теңгеден кем емес болуы тиіс;
- жеке орналастыруға жататын бағалы қағаздарды қайта сату тікелей (келісім-шарттық) мәмілелер арқылы ғана мүмкін болады;
- осы алаңның бағалы қағаздарына арналған репо операциялары көзделмеген.

"Жеке орналастыру" сауда-саттық алаңы ең алдымен кәсіби инвесторлардың алдын ала белгіленген шеңберімен бағалы қағаздарды орналастыру үшін құрылған. Мұндай бағалы қағаздар бойынша сауда-саттыққа қатысушылардың шектелмеген тобы үшін белсенді сауда-саттық көзделмейді және ақпаратты ашу жөніндегі талаптар белгіленбейді.

"Жеке орналастыру" сауда-саттық алаңын құру және жұмыс істеу мақсатында KASE бірқатар ішкі құжаттарға түзетулер енгізді.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру деңгейі бойынша бесінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымға ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.